



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2020 жылғы 27 қараша – 4 желтоқсан аралығында
жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

7 желтоқсан 2020 жыл

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 4 желтоқсанда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,7%-ға (423,87-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 420,79 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 27 қараша – 4 желтоқсан аралығындағы кезеңде коронавирусқа қарсы вакциналарды қолдануда одан әрі ілгерілеу белгілері аясында дамушы елдер валюталарының көпшілігінің нығаюы байқалды. АҚШ Өкілдері палатасының спикері АҚШ экономикасын ынталандыру шараларының жаңа топтамасы туралы келіссөздерде ымыраға келу мүмкіндігі туралы айтты. АҚШ-тың сайланған президенті АҚШ ҚХР-ға қатысты 1-кезеңдегі баж салығын алып тастау үшін жылдам әрекет етпейтінін айтты. Қарашада еңбек нарығы әлсіреді – ауылшаруашылығына жатпайтын сектордағы жұмыс орындарының өсуі небары 245 мыңды құрады (сарапшылардың күтулерінен төмен). ҚХР-дағы өндірістік сектор индексі қарашада өсіп, 54,9-ды құрады.

Дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Бразилия реалы** бейрезиденттердің жергілікті нарыққа қатысты тәуекел дәрежесінің өсу белгілері аясында 3,9%-ға (5,34-тен 5,13-ке дейін) нығайды: қарашада қор нарығына капиталдың әкелінуі \$6,4 млрд болды. Бразилия \$2,5 млрд сомасына еурооблигацияларды орналастырды;
- **Ресей рублі** өндіруді біртіндеп ұлғайту жөніндегі ОПЕК + шешіміне байланысты мұнай бағасын белгілеудің өсуі аясында 2,5%-ға (76-дан 74,12-ге дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ доллары бағамының жағандық әлсіреуі және инвесторлардың тәуекел дәрежесінің жақсаруы аясында 1,3%-ға (20,04-тен 19,77-ге дейін) нығайды;
- **түрік лirasы** қарашада инфляцияның талдаушылар күткеннен де жоғары 14%-ға дейін жеделдеуі туралы деректердің шығуына қарамастан, 0,5%-ға (7,84-тен 7,8-ге дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** Орталық банктің негізгі мөлшерлемені қатарынан үшінші рет 4% деңгейінде сақтап қалуы аясында 0,4%-ға (74,05-тен 73,79-ға дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** инвесторлардың тәуекел дәрежесінің жалпы жақсаруы аясында 0,3%-ға (15,24-тен 15,2-ге дейін) нығайды, бірақ ОАР-ға жаңа шектеу шараларын енгізуге байланысты қауіптену одан әрі нығайтуды тежейді;
- **Индонезия рупиясы** 0,1%-ға (14 090-нан 14 105-ке дейін) әлсіреді. ОБ 2020 жылы ІЖӨ-нің 1-2%-ға түсетінін болжап отыр, бұл Үкіметтің 0,6-1,7% деген болжамдарынан да нашар.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан неғұрлым көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты
бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылдың басынан бастап 2020 жылғы 04
желтоқсан аралағында)**



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты
бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылғы 27 қараша - 04 желтоқсан
аралағында)**



Дамушы елдер валютасының серпіні (2020 жылғы 20 қараша =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толық ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефоннан ала алады:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz